

**Кімге:** Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі

**Автордың аты-жөні және лауазымы:** Каташева Айгерим  
Абылайхановна, Есеболатов ауылдық округінде бас маман - есепші

**Күні:** 13.11.2024ж.

## **АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА**

**Тақырыбы:** Сыбайлас жемқорлық – індет

**Кілт сөздер:** Сыбайлас жемқорлық, қоғам, экономика, қызмет, міндет.

**Кіріспе.** Сыбайлас жемқорлық – қоғамның дамуын тежейтін, оның тұрақтылығы мен әділеттілігін бұзатын ауыр індет. Әрбір қоғамда кездесетін ауқымды, актуалды мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық дегеніміз – індет, ал оған қарсы күрес – барлығымыздың міндетіміз. Себебі, сыбайлас жемқорлықтың қоғам үшін, жеке тұлға үшін тигізетін зияны өте көп. Мысалы, әлеуметтік жағдайларға әсері. Яғни, қарапайым халықтың құқықтарының дұрыс қорғалмауы, заңдардың әділ орындалмауын айтуға болады. Пара беру арқылы заңды бұзушылардың жазадан құтылып кетуінен мемлекет пен халық арасындағы сенім жоғалады. Осылайша, халық тарапынан билікке деген наразылықтар пайда болады. Екіншіден, экономиканы тежетуі. Коррупция инвестицияларды тиімсіз пайдалануға және мемлекеттік ресурстардың талан-таражға түсуіне әкеледі. Осыдан, инфрақұрылымдық жобалар, әлеуметтік қызметтер сапасы төмендейді. Сонымен қатар, жемқорлық жайлаған шетелдік инвесторлар үшін тартымсыз болып табылады. Олар содан кейін өз қаржыларын басқа елдерге бағыттайды. Жалпы, бұдан басқа сыбайлас жемқорлықтың зияндары орасан зор.

Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Яғни, оның сана-сезімін, сенімін, ішкі жан дүниесінің тазаруына ықпал етіп, жүрегіне иман ұялату. Біздің қоғам ақниетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет. Жемқорлық дертіне қалай душар болдық?! Онымен күресті қайдан, қалай бастағанымыз дұрыс?! Қазіргі көпшіліктің басты арманы – бай болу. Баю үшін ар, намысынан бас кешетіндер де біздің қоғамымызда жетерлік. Адамға ақша қызмет етпей, адам ақшаға қызмет ететін түсінік қалыптасқалы бері оның

санасы уланды, дүниенің құлына айналды. Жемқорлықтың да бастауы осыдан. Осы қағиданы бұзбай қоғамдағы жемқорлықты жоя алмаймыз. Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары. Сондықтан, біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтанды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды. [1].

**Негізгі бөлім.** Парақорлық дертімен көбіне қарапайым халық бетпе-бет келеді. Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарына және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің, кейбір мекеме басшыларының білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы парақорлыққа итермелейтін фактордың бірі болып тұр. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттілігін теріс пайдалану, билікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, қызметтік жалғандық жасау, т.б. осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Бұл құбылыстың жағымсыз салдары соншалықты, ол тек қоғамның дамуын тежеп қана қоймай, елдің ұлттық қауіпсіздігіне елеулі зардап әкелетіні анық. Жаһандық экономикада сыбайлас жемқорлық: нарықтық бәсекенің тетіктерін бұзады, мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын тиімсіз таратуға, кірістің әділетсіз бөлінуіне әкеп соқтырады, бағаның өсуіне ықпал етеді, ұйымдасқан қылмыстық топтың құрылуына және көлеңкелі экономиканың пайда болуына себеп болады. Аталғандардың барлығы мемлекеттік бюджетке салықтың түспеуіне, мемлекеттің экономикалық қызметінің іске асырылуына кедергі болатыны анық. Өлеуметтік салада сыбайлас жемқорлық: тіршіліктің игіліктерінің әділетсіз бөлінуіне ықпал етеді, ол өз кезегінде мүліктік теңсіздікке әкеп соқтырады, мемлекет және қоғамның тіршілік етуін реттейтін негізгі құрал болып табылатын құқықты шектейді, нәтижесінде қоғамның санасында азаматтардың билік алдында және қылмыстылық алдында қорғансыздығы туралы көзқарастар мен сезімдер қалыптасады. Жылдан-жылға ұлғайып, қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосуымыз, тосқауыл болуымыз – зор

міндеттердің бірі. Біздің мемлекетіміздің кемістігі осы қоғамды шарпып жатқан кеселдер болса керек. Өкінішке орай, есімі аталатын бұл кеселдің белең алуы кәдуілгі мемлекеттегі ішкі бүлік секілді. Қазіргі таңдағы қарастырылатын, қарастырылуы керек, қарастырылар үлкен жүйелі мәселеге айналып отырған дауасыз дерт. Сондықтан біртұтас қоғам ретінде біз де жүйелі жауап қатуымыз керек.

Елдегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыру үшін:

- елдің құқықтық сауаттылығы мен құқықтық ағарту ісін көтермелеу қажет;
- үнемі жемқорлықтың дамуына әсер ететін теріс факторларды анықтап, зерттеу қажет;
- қазақстандық қоғамның жемқорлыққа қарсы мәдениеті мен құқықтық санасын көтермелеу және арттыру қажет;
- бұл істе мемлекеттік органдар қоғаммен бірігіп өзара іс-қимыл жасау керек. [2]

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі түрлері:

1. Парақорлық — біреудің заңсыз қызметі үшін сыйақы ретінде ақша немесе басқа да құндылықтарды беру немесе алу.
2. Қызметтік өкілеттіктерді теріс пайдалану — жеке пайда көздеуге немесе бәсекелестерді басып озуға бағытталған заңсыз әрекеттер.
3. Мемлекеттік сатып алу мен тендерлерде заңсыз әрекеттер жасау — мемлекеттік қаржыларды заңсыз үлестіру және келісімдер жасау.
4. Жалған құжаттар мен алдау — адамдар мен ұйымдар арасындағы алаяқтық, оны жүзеге асыру үшін жалған ақпарат пен құжаттарды пайдалану. [3]

Сыбайлас жемқорлықтың себептері:

1. Экономикалық факторлар: Қоғамдағы экономикалық жағдайдың нашарлығы, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі және халықтың кедейлігі сыбайлас жемқорлықты қоздырады. Көп жағдайда, адамдар күнкөріс үшін заңсыз әрекеттерге барады, себебі олар үшін басқа баламалар аз болады.
2. Саяси факторлар: Мемлекеттік биліктің орталықтандырылуы мен саяси тұрақсыздық сыбайлас жемқорлықтың көбеюіне ықпал етеді. Саяси элитаның өз мүддесін қорғауға ұмтылуы, сондай-ақ билікті пайдалану арқылы жеке пайда табу әрекеттері осы құбылысты тудырады.
3. Әлеуметтік факторлар: Қоғамдағы моральдық-этикалық деңгейдің төмендігі, білім беру мен құқықтық сана деңгейінің жеткіліксіздігі жемқорлықтың орын алуына себеп болады. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықтың кең таралған болуы — әлеуметтік орта мен қоғамның оны тезуге бейім болуының нәтижесі. [4]

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қоғамның барлық деңгейінде және барлық саласында жүргізілуі тиіс. Ол үшін кешенді шаралар мен саясат қажет.

1. Құқықтық және заңнамалық шаралар: Сыбайлас жемқорлықпен күресудің негізі — тиімді заңдардың болуы. Жемқорлыққа қарсы заңдарды күшейту және оларды қатаң түрде орындау қажет. Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлыққа қатысты қоғамда теріс көзқарас қалыптастыру үшін заңнамалық деңгейде жұмыс істеу қажет.

2. Мемлекеттік органдардың ашықтығын қамтамасыз ету: Мемлекеттік қызметтердің көрсетілуі мен мемлекеттік сатып алу процестері ашық түрде жүргізілуі тиіс. Бұл қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске қатысуын жеңілдетеді. Электронды үкімет жүйесін енгізу арқылы қызметтердің автоматтандырылуы жемқорлықтың азаюына ықпал етеді.

3. Қоғамдық бақылау: Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін азаматтық қоғам мен БАҚ-тың рөлі өте маңызды. Қоғамдық ұйымдар мен журналистер мемлекеттік органдардың жұмысына бақылау жүргізуі керек. Бұл сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің ашылуына және олармен күресу шараларына жол ашады.

4. Әлеуметтік және құқықтық білім беру: Қоғамдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана мен мәдениетті қалыптастыру маңызды. Мектептер мен жоғары оқу орындарында құқықтық тәрбие беру, жемқорлықтың залалдары туралы ақпарат тарату қажет. Сонымен қатар, халықтың құқықтық сауаттылығын арттырудың маңызы зор. [5]

**Қорытынды.** Коррупциямен күресу әрбір адам баласының міндеті. Осыған орай, жемқорлыққа қарсы мәдениет, заңдардың қатаң орындалуы, азаматтың белсенділікті арттыру және құқықтық сауаттылықты қалыптастыру сынды сыбайлас жемқорлыққа күрес барлығымыздың алдымызда тұрған үлкен міндет. Жалпы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл негізінде қоғамдағы парасаттылық идеологиясының да алар орны ерекше. Өйткені парасаттылық – әділдік, заңдылық, сатылмайтындық, адалдық сияқты құндылықтарды біріктіретін кешенді ұғым. Парасаттылық жүйесі мемлекеттік аппарат қызметінің ашықтығын, айқындығын көздейді. Парасатты қоғамда сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік әрбір адамның ішкі нанымына, ойлауы мен мінез-құлқының негізіне айналады. Ал парасаттылық жүйесін қалыптастыру кезінде мемлекет пен азаматтардың серіктестігі, олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда күш-жігерін біріктіру, қоғамның осы жұмысқа барынша тартылуын қамтамасыз ету түпкілікті маңызды рөл атқарады. Аталған тәсіл қоғамдық бақылауды іске асыру тетіктерін кеңейтуді көздейді, ол қоғамдық кеңестердің қызметімен ғана шектелмеуі тиіс. Осы тұрғыда «Жемқорлық – індет, онымен күресу – міндет» қағидатын баршаның санасына сіңіру азаматтың ортақ міндеті болып табылады. Ол үшін ең

алдымен бүгінгі бала, ертеңгі мемлекеттік қызметкердің отбасындаға тәлім-тәрбиесі дұрыс болуы ләзім және әрбір отбасы осы мәселеге аса мән бергені абзал. Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа жирене қарауы үшін біз қандай әрекет жасап, оларға қандай бағыт сілтей аламыз?! Бүгін, ертең демесек те, алдағы 10-15 жылдан кейін сыбайлас жемқорлықты толығымен ауыздықтап тастамасақ та, оның қазіргіден әлдеқайда әлсізденетіндігіне өз басым кәміл сенемін. Сол мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт. Жаны таза, ары ақ, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Сонда ғана біз оны қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін жемқорлықтай келеңсіз әлеуметтік құбылыстан арашалай аламыз. Сол себепті, ұлтжанды азамат тәрбиесіне селқос қараудан аулақ болған жөн. Қайта, бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді әрі нық қадам тастарымыз анық. [6]

**Ұсынымдар.** Менің ойымша, коррупциямен күрес үшін роботтарды пайдалану қажет. Қызмет көрсету секторында адам факторын барынша азайту арқылы сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға болады. Роботтар мен жасанды интеллект мемлекеттік қызметтерді көрсету барысында парақорлық ықтималдығын азайтады. Мысалы, лицензиялар беру, құжаттарды ресімдеу және басқа да үкіметтік қызметтер роботтар арқылы автоматтандырылған болса, жемқорлық мүмкіндігі күрт төмендейді. Келесі кезекте, 9-11 сыныптардың оқу бағдарламасына сыбайлас жемқорлық туралы пән қосу керек. Ол жерде коррупцияға байланысты барлық заңдар, оның қоғамға тигізетін кері әсерлері, салдары, коррупцияға қатысты болған түрлі оқиғаларды мысалға келтіре отырып, онымен күресудің жолдарын ұсыну қажет деп ойлаймын.

**Пайдаланған дереккөздер тізімі:**

1. <https://abai.kz/post/45589>
2. <https://qazdauiri.kz/news/zemqorlyq-indet-kuresu-mindet>
3. Д.Қ. Қосымбаев. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес: теориясы мен практикасы. Алматы, 2021.
4. Н.А. Алдамбергенова. Қоғамдағы сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік әсерлері. Алматы, 2020.
5. А.М. Султанов. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің халықаралық тәжірибесі. Астана, 2019.
6. <https://zhalagash-zharshysy.kz/qogam/zhemqorlyq-indet-onymen-kueresw-mindet/>